

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

1. Мерғалиев Д.М. Фольклор как источник художественного национального стиля в искусстве Казахстана на рубеже XX-XXI в. Автореферат дисс. на соиск. уч. степени кандидата искусствоведения. – Барнаул, 2009, 21 с.
2. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006, 168 с.
3. Сансызбаева, С. К. Мифологизация образа мира: казахско-русские зооморфизмы // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Сер. Филолог, 2011, №4, С. 189-193.
4. Кондыбай С. «Казахская мифология». - Алматы: Нурлы Алем, 2005, 272 с.
5. Мақатаев М. Аккулар ұйықтағанда (Өлендер, толғау-дастандар). - Алматы: Жазушы, 1974, 120 б.
6. Золотая бита. Казахские волшебные сказки - Алма-Ата: Жалын, 1983, 325 с.
7. Посвятенко Ю.В, Жундубаев Р.М. Традиционное и новаторское в облике Нур-Султана // Общество: философия, история, культура, 2021, №5,

ӘОЖ 395.3

## **ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АТАЛЫҚТАР ИНСТИТУТЫ**

**Атахан Асылжан Бауыржанұлы**

[bauyrzhanuly.2022@mail.ru](mailto:bauyrzhanuly.2022@mail.ru)

Л.Н.Гумильев ат. ЕҰУ 2 курс студенті Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – З.О. Ибадулаева

Қоғамдағы ру-тайпалық құрылым мен саяси билік арасындағы дәнекер – аталықтар институты. Қазақ мемлекеттілігінің алтын қазығы – хандық институты десек, осы хандардың саяси билікке келуі белгілі бір мектептен өткен. Ол – аталықтар мектебі. Аталықтар институты сонау көне заманнан бері келе жатыр. Дегенмен ол отарлық көзқарас тұрғысынан жүргізілген зерттеу еңбектерінде бүгінгі таңға дейін дәстүрлі билік тетіктері ретінде қарастырылмаған. Аталықтардың түркі кезеңінде болғандығын, оғыздарда жабғу мұрагерлері инал деп аталғандығын және оларды арнайы сайлап қойған «атабектер» (тәрбиешілер) тәрбиелегендігінен көруге болады.

Аталықтардың хан балаларының саяси сахнаға билеуші ретінде қалыптасуындағы рөлі туралы ғалым Ж.О. Артықбаев төмендегідей тұжырым жасайды: «Аталық – мемлекеттік биліктің аса мықты тетіктерінің бірі, хандардың ішкі және сыртқы саясатта сүйенетін мықты тірегі, қазақтың қашанғы жаугершілік тіршілігінде ханның қорғаушысы және хан баласының тәрбиешісі» [1, 175 бб.]. Сондай-ақ ол кісінің аталықтарға қатысты тағы бір пікірі бар: «Аталықтар, көбіне өз руларының мүдделерін басымырақ қоятын рубасы батыр, билер сияқты емес, орталық билік пен мемлекеттің мүддесі үшін ханға, елге адал қызмет етіп, өздерін де, ұрпақтарын да осы жолда құрбан еткен, хан баласы қайда барса сонда барып, бірге өлген ұлы тұлғалар, мемлекетке адал қызмет етудің үлгісі. [1, 176 бб.]. Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» кітабында аталық қызметіне нәсілі қазақ, жасы ханнан үлкен уәзір дәрежесіндегілер ғана жететінін айтқан» [2, 96 бб.]. Жалпылама айтқанда Аталық әскери билікті қолына алған, құзыры өте жоғары, кеменгер лауазым болған. Қазақ хандығында Аталықтар институты хандық биліктің тіреуі қызметін атқарған.

Зерттеушілер көшпелі халықтардағы аталықтар институтының тұтас мемлекет мүддесі үшін, орталық билікті күшейту мақсатындағы күрестерде игі іс үшін хан тұқымдарымен бірге күресіп, бірге мерт болған тұлғалар екендігін атап өтеді. Алмағайып замандарда хан өлгенде, басқа хан сайланғанша аталық уақытша хан міндетін атқарып, елге ат шаптырып хан сайлар құрылтайға жинайды екен. Туған әкесіндей болып өзі тәрбиелеген ханзаданы таққа отырғызуға аталықтар қаншалықты мүдделі болса, болашақ хан тағынан үміткер де тақ үшін күресте аталықтарға соншалықты сүйеніп, әрқалай қастандықтардан сақ болу үшін, ауылымен тәрбиешісінің елі көшсе бірге көшіп жүреді. Шапқыншылық жылдарында ел жинау оңай емес, оған кейде бірнеше жыл кетіпті. Ондай жағдайда аталықтар елді сол қалпы басқарып,

елшілерін қабылдап, салығын жинап, соғысқанымен соғысып, Орданы құлатпай ұстап тұрған. Жалпы аталықтарды ханзада тәрбиешісі ретінде қарастырсақ болады [2, 523 б.].

Дегенмен, қазақ қоғамына тән аталықтар институты әлі күнге дейін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылған емес. XVI-XVIII ғғ. қатысты деректерде аталықтар термині кездескенімен оның негізгі мағынасы бұрмаланып түсіндіріледі [3, 12 бб.].

Дәстүрлі қазақ қоғамына тән аталықтар институты тарих ғылымында саяси-әлеуметтік институт ретінде кешенді түрде зерттелген емес. Қазақ қоғамындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, төлеңгіттер сияқты аталықтар туралы да ақпараттар бірнеше дерек көздерінде сақталған. Парсы, шағатай тілдерінде жазылған мұсылман авторларының шығармаларында, орыс архив құжаттары мен қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінде осы әлеуметтік институттар туралы мағлұматтар сақталған [4, 101 бб.].

Бірқатар зерттеушілер аталық ұғымының төркінін көне түркілік кезеңмен тарқатады. Күлтегіннің құрметіне тұрғызылған эпитафияда «atusy» (атыстар) деген сөз бар, зерттеушілер бұл сөздің мағынасын билеуші мұрагерін тәрбиелеуші, тақ мұрагерінің тәрбиесі мен біліміне жауапты тұлға дегенді білдіреді деген пікір білдіреді [5, 184 бб.]. Дегенмен, бұл анықтаманың әлі де болса нақтырақ дәлелдеуді қажет ететіндігін айтқымыз келеді.

XI ғасырға тән құжаттарда селжұқтарда атабек қызметі түркілік тамыры бар ұғым, ол «мұрагерді тәрбиелеуші», «мұрагердің тәрбиесіне жауапты тұлға» деген анықтама беріледі. Жалпы, «Атабек» термині Селжұқтар мемлекетінде кеңінен қолданылған. Тіпті орта ғасырларда оғыз-селжұқ тайпаларының «атабек» деп атайтын лауазымы да осы аталық атауынан өз бастауын алады. Швецариялық зерттеуші Анке фон Кюгельген Орталық Азия хандықтарында аталықтар ғасырлар бойы қалыптасып, шайбанидтер мен аштраханидтер кезеңінде әскери және әкімшілік істі басқарушының сенімді кеңесшісі қызметін атқарған деп жазады. Кейбір деректер мәліметтеріне сүйенсек аталықтар қызметіне шетелдік елшіліктерді қабылдауды ұйымдастыру істері де кірген. «Алам-ара-ий шах Исмаил» шығармасында Қасым ханның бұйрығымен Байрам аталық өзбек билеушісі Убайдулла ханның ағасы, ықпалды Жәнібек сұлтанды қарсы алған [4, 96 бб.].

Ж.О. Артықбаев «Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз» атты еңбегінде Алтай Арыстан деген батырдың Хақназар ханның аталығы болғанын, оның ұлы Барқы батыр Тәуке ханның аталығы, ал оның ұлы Нияз батыр Әбілмәмбет ханның аталығы болғанын ресми архив құжаттармен дәлелдеп жазылған [1, 142 бб.].

Қазақ хандығы кезеңіндегі аталықтар туралы мәліметтер орыс-қазақ дипломатиялық қатынастары құжаттарында сақталған. Оларда XVII-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының жоғары билеушілерінің сенімді адамдары болған бірнеше аталықтардың есімдері аталады. Ол жоғарыда айтып кеткеніміздей Тәуке ханның 1693 жылғы Петрге I жазған хатында оның жіберген елшісі батыр «Тайкомур Колтубай Аталыков» туралы жазылған дерек. К.Ш. Хафизова пікірінше, Орта Азия қалаларында үйлері бар бай қазақтар жылының көп бөлігін далада өткізуін жөн көрген. Олар өз үйлерін сенімді өкілдері – аталықтардың бақылауында қалдырған. Осылайша, аталықтар тәрбие жұмысын шаруашылықты басқарушы міндеттерімен үйлестірді деп болжайды зерттеуші [6].

Еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге, қоғамның қайта түлеуі, ұлттық рух пен тарихи сананың жандануы орын алды. Осыған орай есімдері ел есінен ұмытыла бастаған бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы ерен еңбектері мен тағылымды өмірбаяндары халқымызбен қайта қауышуда. Бірақ, бұл бағытта мәселені ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттеу қажеттілігі әлі де болса күн тәртібінде тұр. Тарихтың терең қойнауына сіңіп бара жатқан аталықтар тарихын, ел аузындағы ауызша тарихымыз арқылы, ерте кезеңдерде жазылып кеткен деректер мен материалдар арқылы сүзіп алып, болашақ ұрпақ санасына сіңіру тарих саласының ең өзекті міндеттерінің бірі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1. Артықбаев Ж. О. Этносоциальная структура казахского общества в 18 в. - Караганда «Полиграфия», 1996, 256 с.

2. Құрбанғали Халид «Тауарих-и хамса и шарки» («Шығыстың 5 мемлекетінің тарихы») - Алматы: Өрнек, 1992, 800 б.
3. Артықбаев Ж.О. История Казахстана – Астана: Центрально-Азиатское книжное издательство, 2007, 320 с.
4. Жаркешов С.И. Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары ғылыми мақалалар жинағы – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2015, 302 б.
5. Анке фон Кюгельген. Легитимация среднеазиатской династии мангитов в произведениях их историков (XVIII-XIX вв.). – Алматы: Дайк-Пресс, 2004, 516 с.
6. Хафизова К.Ш. Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX веках. - Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019, 476 с.

УДК 394.2

## ЫСЫАХ ТРАДИЦИОННЫЙ ПРАЗДНИК НАРОДА САХА

**Белолобский Альберт Алексеевич**

[Alikson867@gmail.com](mailto:Alikson867@gmail.com)

студент 2 курса специальности «история»

Северо-Восточный федеральный университет им. Аммосова М.К., Якутск

Науч. руководитель – К.А.Пестерева

Ысыах (якут *Ыһыах*) - это национальный праздник народа Саха, который как правило начинается с 21 июня в день солнцестояния и символизирует начало лета и пробуждение природы. Он служит не только празднованию Нового года, но и объединяет народ для создания благополучия и обилия. Ысыах отображает жизненный путь и мировоззрение якутского народа через свои древние ритуалы и обряды, которые выражают гармонию между Человеком и Миром, природой и результатами человеческого труда [1].

Ысыах, это скорее летний фестиваль в современном понимании, которое продолжается несколько дней. Его история уходит в древность, когда эти дни использовались для коррекции календаря и уравнивания длительности месяцев. В течение этого времени проводились множество ритуалов, в основном, связанных с поклонением Огню, Солнцу и Небу. Это символизирует важное отношение между богами и людьми, которое устанавливало тенгрианство. Участники празднования ведут себя перед богами так, как будто уважаемые старшие родственники приехали в гости. Хочется показать свою любовь и уважение, удивить своими танцами и выступлениями, поделиться своими мыслями и эмоциями. Это главный мотив Ысыаха - установление более глубоких связей между людьми и богами. Праздник был также связан со скотоводством, цель которого было дать отдохнуть перед летним сенокосом травы. Ысыах, является культурной ценностью, тесно связанной с историей этноса. Этот сложный обряд выполняет множество функций, которые отражают культурные, социальные и религиозные аспекты жизни якутов на разных этапах их исторического развития. Таким образом, Ысыах не только представляет собой важную часть якутской традиции, но и имеет глубокий смысл.

Одним из важных элементов праздника была праздничная одежда. Участники торжества должны были приходить в традиционной праздничной одежде, женщины надевали серебряные украшения. Появление на празднике в повседневной одежде рассматривалось как нарушение праздничного этикета. Праздник был единственным временем, когда люди из отдаленных местностей могли собраться вместе и общаться. Поэтому, независимо от статуса и богатства, каждый старался подготовиться к нему заранее. Мастера украшали коней и другие предметы, старики изготавливали кумысные сосуды и другую обрядовую утварь, а женщины шили нарядную одежду для всей семьи [2].

С 19 века, праздничная одежда включает в себя халадаай (платье), кэсиэччик (безрукавка), мужские рубашки, оноолоох сон (мужские и женские юбки) и головные уборы